

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

2012 жылдың 24 қазанындағы
№ 210 хаттамасы

бекітілді

2012 жылдың 25 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

KAZ Minerals PLC жай акцияларына фьючерстің М А М А Н Д А Н Ы М Ы

(Данный заголовок изменен решением Правления Биржи от 10 декабря 2014 года).

Алматы

2012

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2013 жылдың 19 мамырындағы № 38 отырыс хаттамасы) бекітілілді;
- 2013 жылдың 15 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасы шешімімен (2013 жылдың 18 желтоқсанындағы № 182 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасы шешімімен (2014 жылдың 10 желтоқсанындағы № 179 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 10 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

KAZ MINERALS PLC ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНА ФЬЮЧЕРСТІҢ МАМАНДАНЫМЫ

(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

Қаржы құралы: мерзімдік келісімшарт
 Түрі: фьючерс
 Базалық актив: KAZ Minerals PLC жай акциясы

(Осы жол Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

Мерзімдік келісімшарттағы базалық активтің саны: KAZ Minerals PLC бір жай акциясы

(Осы жол Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

Бағасы: KAZ Minerals PLC бір жай акциясына теңе

(Осы жол Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

Орындау күні: белгілі бір айдың 15-ші жұлдызы¹

Орындау мерзімі²:
 1) үш ай – үш айлық фьючерс үшін;
 2) алты ай – алты айлық фьючерс үшін

Теориялық бағасы:

(осы жол Биржа Басқармасының 2013 жылдың 19 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

$$F_{KZMS} = S_{KZMS} \times \left(1 + \frac{r_{kzt}}{100} \times \frac{T}{360}\right) - \sum_i \frac{DIV_i \times \left(1 + r_{kzt} \times \frac{N_i}{365}\right)}{\left(1 + r_{kzt} \times \frac{M_i}{365}\right)}, \text{ мұнда:}$$

F_{KZMS} – KAZ Minerals PLC жай акциясына тиісті фьючерстің теориялық бағасы;

S_{KZMS} – Алматы уақытымен сағат 15.30-дағы жағдай бойынша KAZ Minerals PLC жай акциясының орташа сараланған бағасы³ (мәмілелер болмаған жағдайда, алдыңғы сауда-саттықтың нәтижелері бойынша KAZ Minerals PLC акцияларымен жасалған соңғы биржалық мәміленің бағасы);

r_{kzt} – пайызбен көрсетілген, KazPrime қазақстандық банкаралық депозиттер нарығының индикаторы, мерзімі – 3 ай;

T – ағымдағы датадан тиісті фьючерстің орындалу датасына дейінгі күнтізбелік күндер саны (actual/360 -базасы бойынша);

¹ Орындау айлары болып тоқсанның соңындағы айлардың бірі саналады: наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан.

Айдың 15-ші жұлдызы мерекелік немесе демалыс күн болса, орындау күні болып мерзімдік келісімшарттардың сауда-саттығы өткізілетін жуырдағы жұмыс күні саналады.

² Мерзімдік келісімшарттар сериясының орындау мерзімі, орындау мерзімі қысқарақ мерзімдік келісімшарттардың ашылуы рұқсат етілетін биржалық сауда-саттықтың бастапқы кезеңін қоспағанда, осы Маманданымда белгіленген айлар санына сәйкес келеді.

Мерзімдік келісімшарттардың үш айлық сериясын орындау күні, бұдан бұрын ашылған мерзімдік келісімшарттың алты айлық сериясы мерзімдік келісімшарттың үш айлық сериясына айналады.

Мерзімдік келісімшарттардың орынлау күнінде, бұдан бұрын сауда-саттықтары ашылмаған, үш айлық және алты айлық келісімшарттардың сауда-саттығы басталады.

³ Теориялық бағаны анықтағанда, KASE сауда-саттық жүйесінде KAZ Minerals PLC акцияларымен ашық сауда-саттық әдісімен жасалған, орындалған мәмілелердің параметрлері ғана ескеріледі *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

- DIV_i – акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген, KAZ Minerals PLC бір жай акциясына төлеуге бекітілген i -ші дивиденд мөлшері;
- N_i – i -ші дивиденді бойынша акционерлердің тізілімін тиянақтау датасынан бастап тиісті фьючерсті орындау датасына дейінгі күнтізбелік күндер саны (actual/360 - базасы бойынша);
- M_i – i -ші дивиденді бойынша акционерлердің тізілімін тиянақтау датасынан бастап i -ші дивидендін төлеу датасына дейінгі күнтізбелік күндер саны (actual/360 - базасы бойынша)

(Осы жол Биржа Басқармасының 2013 жылдың 19 наурызындағы және 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

Ақырғы есептесу бағасы

Келесі формуламен есептелетін, KAZ Minerals PLC акциясының орташа сараланған бағасы ⁴:

$$SP_{KZMS} = \frac{\sum_{i=1}^n (V_i' * KZMS_i)}{\sum_{i=1}^n V_i'}$$
, мұнда:

- SP_{KZMS} – KAZ Minerals PLC жай акциясына фьючерс бойынша ақырғы есептесу бағасы;
- n – мәмілелер саны;
- V_i' – i -лік мәміленің теңгемен шектелген көлемі⁵;
- $KZMS_i$ – i -лік мәміле жасасу нәтижесінде есептелген, KAZ Minerals PLC бір жай акциясының бағасы

(Осы жол Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

Орындау:

нарық бойынша соңғы түзету жасау кезінде анықталған, есептесу баға мен ақырғы есептесу баға арасындағы айырмасының теңгемен баламасын төлеумен/алумен базалық активтің жеткізуісіз

Биржалық сауда-саттықтың соңғы күні:

осы келісімшартты орындау күні алдындағы, соңғы жұмыс күн

Тик⁶:

0,1

⁴ Мерзімдік келісімшарттың ақырғы есептесу бағасын анықтағанда, осы мерзімдік келісімшарттар үшін соңғы биржалық сауда-саттығының ақырғы күнінде ашық сауда-саттық әдісімен KAZ Minerals PLC акцияларымен KASE сауда-саттық жүйесінде жасалып орындалған мәмілелердің параметрлері ғана ескеріледі *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2014 жылдың 10 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

⁵ Мына формуламен есептеледі:

$$V_i' = \min\{V_i; Ave + 1.65 * Stdev\}$$
, мұнда:

- V_i' – i -лік мәміленің теңгемен шектелген көлемі;
- V_i – параметрлері есептеуде ескерілетін, i -лік мәміленің теңгемен көлемі;
- Ave – параметрлері есептеуде ескерілетін, барлық мәмілелер бойынша теңгемен орташа көлемі;
- Stdev – параметрлері есептеуде ескерілетін, мәмілелер көлемінің массиві бойынша стандартты ауытқу;
- 1.65 – 95% сенім деңгейіне сәйкес келетін, нормалы бөлу квантили.

⁶ Бағаның минималды өзгеруі.

Тиктің құндық бағалауы ⁷ :	екі теңге
<i>(Осы жол Биржа Басқармасының 2013 жылдың 18 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
Қолдаулы маржаның деңгейі:	бастапқы маржа бойынша міндеттемеден 80 %
Биржа алдында нетто-міндеттемелерін орындау мерзімі:	нәтижесінде нетто-міндеттемелер пайда болған, күннен кейінгі жұмыс күні 10.00-ге дейін

⁷ Тик мәнінің мерзімдік келісімшарттағы базалық активтің санына көбейтіндісі.